ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы

«Қамқоршылық кеңестің» кезекті отырысының

№2 хаттамасы

Өтілген күні:25.09.2025жыл.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын танысу.

Мәселелерді талқылау барысы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, балабақша Қамқоршылық кеңестің төраймы Естемесова Н. сөз алып, Қамқоршылық кеңесінің жұмысы Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы мен №355 бұйрығы негізінде реттелетінін айтты. Бұл кеңес білім беру ұйымдарына басқару, қаржылық бақылау және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында көмектеседі. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын айқындайтын негізгі құжаттар мен ережелерді түсіндірді:

- Қамқоршылық кеңес туралы ереже: Кеңесті құру, тарату және оның жұмыс істеу ретін белгілейтін құқықтық құжат.
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы: Білім беру жүйесіндегі қамқоршылық кеңестерінің құқықтары мен міндеттерін заң жүзінде бекітеді.
- Типтік ережелер (Бұйрық №355): Кеңес құрамын сайлау, оның құзыреті, шешім қабылдау тәртібі мен мақсаттары егжей-тегжейлі жазылған.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттары таныстырылсын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, балабақша Қамқоршылық кеңестің мүшесі С.Шарипова Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау

тәртібімен таныстырды.

Қамқоршылық кеңес — білім беру ұйымын алқалы басқару нысандарының бірі. Ол келесі бағыттарда жұмыс істейді:

- Мемлекеттік бюджет және демеушілік қаражаттардың жұмсалуын бақылайды.
- Білім беру ұйымының даму жоспарын (стратегиясын) келіседі және бекітеді.
- Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек беру туралы шешім қабылдайды.
- Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың құқықтарын қорғау жұмыстарына қатысады.
- Ұйым басшысының атқарған жұмысы туралы жылдық есебін тыңдайды.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары таныстырылсын.

Төраға Естемесова Н.